# Перспективалық  жоспар(Вариатив)
# Мектепалды даярлық сыныбы
# 2021-2022 оқу жылы

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР (Вариатив)



№218 орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбы

Қыркүйек айы 2021-2022 оқу жылы

**Мақсаты:** Балалардың бойында мектепке, мектептегі достарына, ұстаздарына деген сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру бірлескен әрекетке қызығушылықты дамыту.

**Міндеттері**: Сүйіспеншілікке, достық қарым-қатынасқа, білуге деген ынталарын арттыруға тәрбиелеу.

Мектепке, ондағы достары, туралы білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру.

| Апта күндері | Таным-1 | Коммуникация-1 | Шығармашылық-1 |
|---|---|---|---|
| | **1. Сиқырлы әріптер-32** | **1. Сиқырлы математика-32** | **1. Ертегілер елінде-32** |
| **1-апта 01.09-03.09.2021 ж** | **02.09.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: А әрпін жазып үйрен.**<br>**Мақсаты:** Сөйлемді ажырата отырып, оның мағынасын түсіну, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу дағдыларын қалыптастыру. Сөйлем сызбасын құру дағдыларын меңгерту. | **01.09.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: Көлемдерді салыстыру.**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды арнайы құрылған кеңістік жағдайларында бағдарлауға және қойылған шарт бойынша өз орнын анықтау. | |
| **2-апта 06.09-10.09.2021 ж** | **09.09.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: Ә әрпін жазуды үйрен.**<br>**Мақсаты:**Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтару дағдыларын қалыптастыру.Сөздерді интонация бойынша ажырата білуге үйрету. | **08.09.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы:** Заттардың орналасуы.<br>**Мақсаты:**Біреу және көп сөзінің мағына сын түсіндіру.«Бір» деген ұғым бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын:** «Кімнің ойыншығы көп?» | **06.09.2021 ж**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы: Қайдан келдің бауырсақ?**<br>(театрландырылған ойын)<br>**Мақсаты**: өздері таңдап алған қуыршақ жануарлардың образына ене отырып, сол жануардың дауысын келтіру қабілетін арттыру. Сахналық шеберлікке, шығармашылыққа,еркін сөйлеуге дағдыландыру. **Дидактикалық ойын**: «Менің кейіпкерім...» |
| **3 апта 13-17.09.2021 ж** | **16.09.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: О,Ө әрпін жазуды үйрен.**<br>**Мақсаты:** Сөзді буынға бөле отырып, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау дағдыларын қалыптастыру. | **15.09.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: Реттік және есептік санау.**<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды таяқшаларды пайдалана отырып,геометриялық пішіндер құрастырып үйрету. Жалғастыра құрастырған ж/е екі таяқша қосып өзгертуге үйрету.Санау дағдыларын қалыптастыра отырып балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу,ойлау қабілеттерін дамыту. | **13.09.2021 ж**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы: Бір үзім нан.**<br>**Мақсаты:**Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **4 апта**<br>**20-24.09** | **23.09.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: И и әрпін жазуды үйрен.**<br>**Мақсаты:** Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту дағдыларын қалыптастыру | **22.09.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: Көп-аз**<br>**Мақсаты:** Ортақ белгісіне қарай заттарды бір топқа біріктіруге жаттықтыру. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын:** «Кім көп жинады?» | **20.09.2021 ж** **2**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы: Бір уыс мақта.**<br>**Мақсаты:**Ертегі кейіпкерлер арқылы аяушылық, қамқорлық сезімдерін аяту. |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР(Вариатив)**

№218 орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбы

Қазан айы 2021жыл

Өтпелі тақырып **«Менің отбасым»**

**Мақсаты:**отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Отбасы мүшелерін атап,өзіне тағылған жауапкершілікті білу.

**Міндеттері**: Отбасына деген сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу.

| **Апта күндері** | **Таным-1** | **Коммуникация-1** | **Шығармашылық-1** |
|---|---|---|---|
| | **1.Сиқырлы әріптер-1** | **1.Сиқырлы математика-1** | **1.Ертегілер елінде-1** |
| **1-апта**<br>27.09-01.10.2019 | **30.09.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: У у әрпін жазуды үйрен.**<br>**Мақсаты:** балалардың сөз, сөйлем, буын және екпін туралы білімдерін бекіту. Сөздерге дыбыстық талдау жасау барысында пайдалынатын текшелермен таныстыру, яғни дауысты дыбыстар қызыл текшемен ал дауыссыз дыбыстар көк текшемен және өтілмеген дыбыстар қоңыр текшемен белгіленетінін түсіндіру., Сөздегі екпінді буынды анықтап, зейінділік пен дыбысты дұрыс есту қабілетін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын: «Сөзді буынға бөлейік»** | **29.09.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: Қанша-сонша.**<br>**Мақсаты:** Ортақ белгісіне қарай заттарды бір топқа біріктіруге жаттықтыру. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын:** «Кім көп жинады?» | **27.09.2021 ж**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы: Бір қазан сүт.**<br>**Мақсаты:** Көлеңке театры арқылы балаларды үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге үйрету. Отбасындағы бірлік, пен достық қатынасты бағалай білуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Мен отбасыма көмектесемін» |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **2-апта**<br>**04-08.10** | **07.10.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: Ұ,Ү әрпін жазуды үйрен.**<br>**Мақсаты:** Ұ,Ү- дыбысының айтылғанда кедергісіз айтылатынын, сондықтан дауысты дыбыстар қатарына жататынын және қызыл текшемен белгіленетінін түсіндіру.<br>Дыбыстарды<br>Ұ,Ү дыбысы бар сөздерді буынға бөлгізіп, дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>Сөздердің ұзынды, қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуге үйрету<br>**Дидактикалық ойын:** «Ұ,Ү дыбысына байланысты сөз ойла?» | **06.10.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: Теңдік.**<br>**Мақсаты:** Өзі туралы айтып беру.<br>Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында,алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында деген қарапайым математикалық ұғымдар туралы дағдыларын қалыптастыру. | **04.10.2021 ж** 3<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы: Мақта қыз бен мысық ертегісі.**<br>**Мақсаты:**Театрландырылған қойылым арқылы балалар сөздік қорын,<br>ауызша сөйлегенде дыбыстарды<br>анық айту дағдыларын бекіту. Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен дауыс ырғақтарын<br>сәйкестендіре отырып, дұрыс сөйлеу, ертегі барысын, мазмұнын ұғыну, рөлдерді түсініп ойнау дағдыларын анықтау. |
| **3 апта**<br>**11-15.10** | **14.10.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** Ы,І әрпін жазуды үйрен.<br>**Мақсаты: «Т»** дыбысымен танис<br>тыру. Т дыбысы естілетін сөздер ойлап, дыбыстық талдау жасап көк текшелермен белгілеуді үйрету. Жаттығуларды<br>орындату арқылы балаларды шыдамды- лыққа, тапқырлыққа баулу. Балаларды дыбыстарды қосып айтуға үйрету.<br>**Дид.ойын:** «Жасырынған дыбыстар» | **13.10.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: 0 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты:** Өзі туралы айтып беру.Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында,алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында деген қарапайым математикалық ұғымдар туралы дағдыларын бекіту | **11.10.2021 ж**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Әке мен бала әңгімесі.<br>**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету. Ертегі арқылы ойын, қиялын дамыта отырып, жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. |
| **4 апта**<br>**18-22.10** | **21.10.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** Н,Ң әрпін жазуды үйрен.<br>**Мақсаты: «Н,Ң»** дыбысымен танис<br>тыру. Н,Ң дыбысы естілетін сөздер ойлап, дыбыстық талдау жасап көк текшелермен белгілеуді үйрету. Жаттығуларды<br>орындату арқылы балаларды шыдамды- лыққа, тапқырлыққа баулу. Балаларды дыбыстарды қосып айтуға үйрету.<br>**Дид.ойын:** «Жасырынған дыбыстар» | **20.10.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: Шеңбер-геометриялық пішін.**<br>**Мақсаты:**Кеністікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту. Қағаз бетінде бағдарлау және карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттау машықтарын қалыптастыру. | **18.10.2021 ж**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы: Қарлығаштың құйрығы неге айыр?**<br>**Мақсаты:** Қарлығаштың құйрығы неге айыр?әңгімесінің мазмұнын ашып түсіндіру. Әңгімелеу арқылы балалардың ойын, қиялын дамыту. Әңгіме жанрларын ажыратып, қимыл іс-әрекет арқылы сахналау дағдыларын бекіту |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР (Вариатив)**
№218 орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбы
Қараша айы 2021жыл
Өтпелі тақырып «**Дені саудың жаны сау»**

**Мақсаты:** Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіру.
**Міндеттері**: балаларды таза жүруге, денсаулығын күтуге баулу және спортқа деген қызығушылығын арттыру. **4**

| **Апта күндері** | **Таным-1**<br>**1.Сиқырлы әріптер әлемі** | **Коммуникация-1**<br>**1.Сиқырлы математика** | **Шығармашылық-1**<br>**1. Ертегілер елінде** |
|---|---|---|---|
| **1-апта 25-29.10-2021 ж** | **28.10.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** «Т» әрпін жазуды үйрен.<br>**Мақсаты:** «Т» дыбысыментаныстыру.<br>Т дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасап текшемен белгілей білуге үйрету. Дыбыстарды ажыра тып, дыбыстарға байланысты, сөйлем құруға дағдыландыру<br>**Дидактикалық ойын:** «Бастапқы буынға сөз құра» | **27.10.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: 1 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты**:.Қағаз бетінде бағдарлау, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттау білу дағдыларын қалыптастыру. Ненің қайда орналасқанын бағдарлай алуға үйрету | **25.10.2021 ж**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы: Ұр тоқпақ ертегісі.**<br>**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету. Ертегі арқылы ойын, қиялын дамыта отырып, жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. |
| **2-апта 08-11-12-11.21 ж** | **11.11.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** К,Қ әрпін жазуды үйрен..<br>**Мақсаты:** «К,Қ» дыбысымен таныстыру. Айтылу және ерекшеліктеріне назар аударту. Текшемен жұмыс. Қол қимылдарын дамыту. Өлеңді жаттау арқылы есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Дыбысты тап» | **10.11.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы:** 2 саны мен цифры.<br>**Мақсаты:**Заттарды ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша салыстырып, көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табу дағдыларын жетілдіру. Оларды өлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастыруға үйрету. | **08.11.2021 ж**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Қызыл телпек ертегісі.<br>**Мақсаты:**Сахнада еркін қимылдап, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып, балалардың анық, дұрыс сөйлеу мәдениетін дамыту. Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану. |
| **3 апта 15.11-19-11ай** | **18.11.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** С әрпін жазуды үйрен.<br>**Мақсаты:** С дыбысымен таныстыру.С дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.Текшемен жұмыс. Жазбаша тапсырмаларды орындау кезінде қол дың ұсақ қимылдарын дамыту.<br>**Дидактикалық ойын:** «Робот бізде | **17.11.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: 3 саны мен цифры.**<br>***Мақсаты:3 саны*** көлеміндегі сандарды тура және кері санау, заттарды саны бойынша салыстырып, олардың реттік нөмірін атау дағдыларын жетілдіру. | **15.11.2021 ж**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы: Күншіл үйрек**<br>**Мақсаты:** Жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету; кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану, ертегіге деген қызығушылығын арттырып, ойын, қиялын дамыту; ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын:** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қонақта» | | **«Сиқырлы теледидар** |
| **4 апта 22.11- 26. 11ай** | **25.11.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** Л әрпін жазуды үйрен.<br>**Мақсаты:** Л дыбысымен таныстыру. Л дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Дауысты дыбыспен дауыссыз дыбысты ажырата білуге үйрету. Сөздер мен сөйлем құрау арқылы балалардың сөйлем құрау қабілеттерін дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Дыбыстарды ажырат» | **24.11.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: Геометриялық пішін-үшбұрыш.**<br>**Мақсаты:**Геометриялық пішін-үшбұрыш туралы мағлұмат беру.Топтардағы заттарды алып тастап немесе қоса отырып салыстыру дағдыларын бекіту. | **22.11.2021 ж** **5**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы: Кірқоймас өлеңі.**<br>**Мақсаты:** Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Сахналау барысында жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің бейнесіне еніп, олардың мінез-құлқын келтіру, түрлі дауыс күшін қолдана білуді жетілдіру, үйлесімді қимылды дамыту. Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.<br>**Үстел үсті ойыны:** «Құрылысшы аңдар» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

№218 орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбы

Желтоқсан айы 2021жыл

Өтпелі тақырып «**Менің Қазақстаным**»

**Мақсаты:**Балаларда "Мәңгілік Ел" жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етеді

**Міндеттері**: Балалардың бойында мектепке, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

| **Апта күндері** | **Коммуникация-1** | **Таным-1** | **Шығармашылық-1** |
|---|---|---|---|
| | **1.Сиқырлы әріптер.** | **1. Сиқырлы математика** | **1. Ертегілер елінде** |
| **1-апта 29.11**-03-12ай | **02.12.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:**Р әрпін жазуды үйрен.<br>**Мақсаты: Р** дыбысымен таныстыру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйретуді жалғастыру.Текшемен жұмыс<br>**Дидактикалық ойын:** «Сөздегі дыбыстарды ажыратайық» | Демалыс | **29.11.2021 ж**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы**:Дос іздеген бота ертегісі.<br>**Мақсаты:** Ертегіні оқып бере отырып, әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Балалардың білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын:** «Бұл қай ертегінің кейіпкері?» |
| **2-апта** | **09.12.2021 ж** | **08.12.2021 ж** | **06.12.2021 ж** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **06.12-10-12 ай-21 ж** | **Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: В әрпін жазуды үйрен.**<br>**Мақсаты:** В дыбысымен таныстыру.В дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету және сөздерді буынға бөліп айту қабілеттерін дамыту.Текшемен жұмыс<br>**Дидактикалық ойын: «**Сөзді буынға бөл» | **Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: 4 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты:** 4-ге дейінгі сандарды реттік санау, цифрды заттың санымен сәйкестендіру, заттарды салыстыру дағдыларын бекіту | **1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Қаңтар мен ақпан ертегісі.<br>**Мақсаты:** Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Ертегінің мазмұнын түсініп, көлеңке театрымен көрсетуге үйрету. Кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Досыма гүл сыйлаймын» |
| **3 апта 13.12-17.12ай** | **16.12.2021 ж**<br>**Демалыс.** | **15.12.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: Геометриялық пішін-шаршы.**<br>**Мақсаты:** Геометриялық пішін-шаршы туралы түсінік беру.Пішіндерді заттың санымен сәйкестендіру, заттарды салыстыру дағдыларын бекіту | **13.12.2021 ж** **6**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Ақылды бала.<br>**Мақсаты:** Сахналау барысында балалардың еркін қимылдап, өз рөлін дұрыс сомдауына дағдыландыру. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып балалардың анық, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Қарлығашқа ұя жасаймыз" |
| **4 апта 20.-24. 12ай** | **23.12.2021 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: Е әрпін жазуды үйрен.**<br>**Мақсаты: «**Е» дыбысымен таныстыру. «Қ» дыбысы бар сөздерді анық айтуға, таза сөйлеуге үйрету. Сөйлем құрастыру арқылы байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру. Сөздерді буынға бөліп айтуға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап» | **22.12.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: 5 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіру, сипау арқылы заттарды санау дағдыларын қалыптастыру. 11-ден 20-ға дейінгі сандарды және сандық қатынастарды бекіту. | **20.12.2021 ж**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Ең қымбат байлық.<br>**Мақсаты:** Әңгіме кейіпкерлерінің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру дағдысын қалыптастыру. Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану. Сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын және тілін дамыта отырып, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын:** «Әкеме көмектесемін» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**
№218 орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбы
Қаңтар айы 2022 жыл
**Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»**

**Мақсаты:**Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған.

| **Апта күндері** | **Коммуникация-1** | **Таным-1** | **Шығармашылық-1**<br>**7** |
|---|---|---|---|
| | **1.Сиқырлы әріптер.** | **1. Сиқырлы математика** | **1. Ертегілер елінде** |
| **1-апта 27.12-29-12ай** | Каникул. | **29.12.2021 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: Салыстыру.**<br>**Мақсаты:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіру, сипау арқылы заттарды санау дағдыларын қалыптастыру. 11-ден 20-ға дейінгі сандарды және сандық қатынастарды бекіту. | **27.12.2021 ж** **7**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы**: Еңбекпен тапқан нан.<br>**Мақсаты:** Ертегіні оқып бере отырып, әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Балалардың білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын:** «Бұл қай ертегінің кейіпкері?» |
| **2-апта 17-21-01ай. 2022 ж** | **20.01.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: П әрпін жазуды үйрен.**<br>**Мақсаты: «**П» дыбысымен таныстыруды жалғастыру. Сөзге дыбыстық талдау жасауға үйрету, сөздердің ішінен «П» дыбысын тауып айтуға дағдыландыру. «П» дыбысы бар сөздермен сөйлемдер құру арқылы байланыстырып сөйлеу қабілеттерін бекіту | **19.01.2022 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: Қайталау.**<br>**Мақсаты:** Адамдардың таңертең, түсте, кешке не істейтіндерімен байланыстыра отырып, тәулік пен оның бөліктері туралы түсінік беруді жалғастыру; Уақыт тізбеген орнатуды үйрету; «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдары туралы түсінік беру.<br>**Дидактикалық ойын: «Уақыт тізбектері: кеше...»** | **17.01.2022 ж**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Еңбек пен безгек.<br>**Мақсаты:** Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Ертегінің мазмұнын түсініп, көлеңке театрымен көрсетуге үйрету. Кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Досыма гүл сыйлаймын» |
| **3 апта 24-28-01ай 2022ж** | **27.01.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: Мәрпін жазуды үйрен.**<br>**Мақсаты:** «М» дыбысымен таныстыра отырып, «М» дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасату. Буын туралы білімдерін бекіту, қол қимылын жаттықтыру<br>**Дидактикалық ойын:** «Сөзді буынға бөлейік» | **26.01.2022 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: 6 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты:** Балаларға апта күндерін дұрыс және ретімен атауды үйретіп, апта күндері туралы түсініктерін бекіту. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту<br>**Дидактикалық ойын:** «Апта күндерін санмен белгіле» | **24.01.2022 ж**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:Мақтаншақ қоян.**<br>**Мақсаты:** Сахналау барысында балалардың еркін қимылдап, өз рөлін дұрыс сомдауына дағдыландыру. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып балалардың анық, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану. Жақсыдан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Қарлығашқа ұя жасаймыз» |
| **4 апта 31-01-04-02ай 2022ж** | **03.02.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** З әрпін жазуды үйрен.<br>**Мақсаты:** «З» дыбысымен таныстыру. «З» дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасап,дауысты дыбыспен дауыссыз дыбысты ажырата білуге үйрету. Сөздер мен сөйлем құру арқылы балалалардың ой-өрісін дамыту.<br>**Тапсырма: «Отан туралы мақал-мәтел, тақпақтар айту»** | **02.02.2022 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: 7 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты:** Цифрды заттың санымен сәйкестендіру, сипау арқылы заттарды санау дағдыларын қалыптастыру. 7-ге дейінгі сандарды және сандық қатынастарды меңгерту. | **31.01.2022 ж** 8<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы**: Байлық пен ақыл.<br>**Мақсаты:** Ертегіні оқып бере отырып, әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Балалардың білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын:** «Бұл қай ертегінің кейіпкері?» |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

№218 орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбы

Ақпан айы 2022 жыл

**Өтпелі тақырып «Біздің қоршаған әлем»**

**Мақсаты:** Адам және оны қоршаған орта туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Табиғаттың, қоршаған ортаның тіршілік көзі екенін жете түсіндіру, оларды қорғау, аялау, міндеттерін және өзі өмір сүріп отырған ортасын құрметтеу қабілеттерін дамыту.Алған білімін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын жүйелі ұйымдастыру.

**Міндеттері:-**тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында балаларды қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру;
-айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасай алатын білім, біліктерін дамыту;
-табиғат әлеміне танымдық қызығушылықтарын,қоршаған ортаға қарым-қатынасы бойынша өз әрекетінің нәтижелерін көре білуге дағдыландыру;
-балалардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын және ойлау қабілеттерін арттыру;
-жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттері: бастамашылдығын, дербестігін, ашықтық және еркіндігіне қолдау көрсету

| **Апта күндері** | **Коммуникация-1** | **Таным-1** | **Шығармашылық-1** |
|---|---|---|---|
| | **1.Сиқырлы әріптер.** | **1. Сиқырлы математика** | **1. Ертегілер елінде** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1-апта**<br>**14-18. 02ай** | **17.02.2022 ж**<br>**1.Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** «Б » дыбысымен таныстыру.<br>**Мақсаты:** «Б» дыбысымен таныстыру. «Б» дыбысы бар сөздерді анық айтуға, таза сөйлеуге үйрету. Сөйлем құрастыру арқылы байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру. Сөздерді буынға бөліп айтуға үйрету.<br>**Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап» | **16.02.2022 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы:8 саны мен цифры**<br>**Мақсаты:** Балаларға апта күндерін дұрыс және ретімен атауды үйретіп, апта күндері туралы түсініктерін бекіту. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту<br>**Дидактикалық ойын:** «Апта күндерін санмен белгіле» | **14.02.2022 ж**<br>**1.Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Қасқыр,түлкі,әтеш.<br>**Мақсаты:** Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Ертегінің мазмұнын түсініп, көлеңке театрымен көрсетуге үйрету. Кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Досыма гүл сыйлаймын» |
| **2-апта**<br>21-25-02ай | **24.02.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** «Д» дыбысымен таныстыру.<br>**Мақсаты:** «Д» дыбысымен таныстыруды жалғастыру. Сөзге дыбыстық талдау жасауға үйрету, сөздердің ішінен «Д» дыбысын тауып айтуға дағдыландыру. «Д» дыбысы бар сөздермен сөйлемдер құру арқылы байланыстырып сөйлеу қабілеттерін бекіту<br>**Дидактикалық ойын: «Буынға бөлейік»** | **23.02.2022 ж**<br>**Сиқырлы матеиатика**<br>**Тақырыбы: 9 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты:** Заттың салмағы (ауыр, жеңіл) туралы түсінік беру; белгілі бір өлшем бойынша заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру; заттарды әртүрлі тәсілдердің көмегімен бағалауға үйрету; сөйлеу тілдерін, зейіндерін, қисынды ойлауларын (салыстыру, талдау, жинақтау негізінде), алған білімдерін қолдана білу қабілеттерін дамыту.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«**Не ауыр?» | **21.02.2022 ж**<br>**Ертегілер елінде** **9**<br>**Тақырыбы:** Қырыққабат пен алма.<br>**Мақсаты:** Сахналау барысында балалардың еркін қимылдап, өз рөлін дұрыс сомдауына дағдыландыру. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып балалардың анық, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Қарлығашқа ұя жасаймыз" |
| **3 апта**<br>28-04.03ай | **03.03.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: «Я»** дыбысымен таныстыру»<br>**Мақсаты: «**Я» дыбысымен таныстыру. «М» дыбысы дауыссыз дыбыс екенін түсіндіру. «Я» дыбысы бар сөздер ойлап табу және сол сөздермен сөйлем құрастыру. | **02.03.2022 ж**<br>**Сиқырлы матеиатика**<br>**Тақырыбы: 10 саны мен цифры.**<br>**Мақсаты:б**алаларға артық, кем және тең таңбалары туралы мағлұмат бере отырып, заттарды топтастырғанда артық , кем немесе тең болатынын түсіндіру. Салыстыру дағдыларын жетілдіру<br>**Дид.ойын:** «Салыстырайық» | **28.02.2022 ж**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Орман дәрігері.<br>**Мақсаты:** Сахналау барысында балалардың еркін қимылдап, өз рөлін дұрыс сомдауына дағдыландыру. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып балалардың анық, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Қарлығашқа ұя жасаймыз" |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **4 апта**<br>07.11-03ай | **10.03.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: «**Г,Ғ» дыбысымен   таныстыру.<br>**Мақсаты: «**Г,Ғ»  дыбысымен таныстыра отырып, «Г,Ғ» дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасату. Буын туралы білімдерін бекіту, қол қимылын жаттықтыру<br>**Дидактикалық ойын:** «Сөзді буынға бөлейік» | **09.03.2022 ж**<br>**Сиқырлы матеиатика**<br>**Тақырыбы**: Ойнай отырып,ойла.<br>9 санының құрамы қарапайым мысалдармен есептерді шығару»<br>**Мақсаты:** Балалардың  9 цифры мен саны туралы математикалық білімдерін қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Шыршаларды орналастырайық» | **07.03.2022 ж**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Ұсқынсыз балапан.<br>**Мақсаты:** Төрт түлік мал төлдерінің адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Сахналау барысында  дауыс ырғағын келтіре отырып, рөлдерге ену дағдыларын дамыту. Кеңістікте бағдарлану, түрлі қарқынды қозғалу кезінде  өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіру дағдыларын жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Ұлттық өнер түрлерін ата» (ши тоқу, киіз басу т.б.) |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

№218 орта мектебінің мектепалды  даярлық  сыныбы

Наурыз айы  2022жыл

**Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»**

**Мақсаты:** «Мәңгілік ел» идеясына сәйкес ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Қазақстанда тұратын басқа да ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері туралы мағлұмат беру.

**Міндеттері:**

**1.** –балалар қызығушылықтарын арттырунегізінде дене шынықтырудағы негізгі қимыл түрлерін және  күрделі элементтерді орындау дағдыларының   қалыптасуына ықпал ету; **10**

**2.**- қазақ халқының және басқа да ұлт-өкілдерінің  салт-дәстүрлерін, мәдениетін құрметтеуге тәрбиелей отырып, балалардың әлем туралы  түсініктерін кеңейту;

**3.** - табиғат әлеміне танымдық қызығушылықтарын арттыру негізінде балалардың табиғаттағы өзгерістерді бақылау рөлі мен түсініктерін  дамыту; Өз әрекеттерінің кейбір қарапайым нәтижелерін көре білуге жаттықтыру;

**4.** - барлық білім беру салаларында 5-6 жастағы  балалардың  дербестігі мен бастамашылдықтарына қолдау көрсету

| **Апта күндері** | **Коммуникация-1** | **Таным-1** | **Шығармашылық-1** |
|---|---|---|---|
| | **1. Сиқырлы математика** | **2.** | **1. Ертегілер елінде** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1-апта**<br>14-18.03ай | **17.03.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: «Ч,Ш»** дыбысы мен әрпі.<br>**Мақсаты:** Айтылу ерекшелігіне байланысты «Ч,Ш» дыбысының дауыссыз дыбыс екенін анықтау,<br>«Ч,Ш» әрпімен таныстыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Не бар, не жоқ?» | **16.03.2022 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы**: Салыстыру.<br>10 санының құрамы. Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару»<br>**Мақсаты:** Балалардың 10 цифры мен саны туралы математикалық білімдерін қалыптастыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Вагондарды санаймыз» | **14.03.2022 ж**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Күшік пен мысық.<br>**Мақсаты:** Төрт түлік мал төлдерінің адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Сахналау барысында дауыс ырғағын келтіре отырып, рөлдерге ену дағдыларын дамыту. Кеңістікте бағдарлану, түрлі қарқынды қозғалу кезінде өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіру дағдыларын жетілдіру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Ұлттық өнер түрлерін ата» (ши тоқу, киіз басу т.б.) |
| **2-апта**<br>31-01.04ай | **31.03.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы**: «Ж» әрпін жазуды үйрен\Е,Й әрпін жазуды үйрен.<br>**Мақсаты:** «Ж»,Е,Й дыбысы мен әрпімен таныстыру. Ашық буындар мен қысқа сөздерді қосып оқуға дағдыландыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Жүк көлігі» | | |
| **3 апта**<br>04-08.04ай | **07.04.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** «Х,Һ» дыбысы мен әрпі<br>**Мақсаты:** «Х,Һ» әрпімен таныстыру. «Х,Һ» дыбысының айтылу ерекшелігін өздеріне анықтату. Қосып оқуға үйрету, өткен дыбыстарды қайталата отырып, ойлау қабілеттерін жетілдіру: қауіпсіздік ережесін сақтаудың маңыздылығын түсіндіру: қоршаған ортаны сүйе білуге әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Сағат тілімен айналайық» | **06.04.2022 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы: Сопақша\Сандардың құрамы.**<br>**Мақсаты:** Шар, текше, пирамида, цилиндр туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. 1-ден 10-ға дейінгі білімдерін пысықтау. 1 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Дүкенге кім барады?» | **04.04.2022 ж**<br>**Ертегілер елінде.**<br>**Тақырыбы: Балабақша ағаштары\Жақсылық пен жамандық**.<br>**Мақсаты:** Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіре отырып, сурет бойынша әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөздің ұйқасын табу, суреттеу арқылы сөздік қорларын, қиялдарын дамыту. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Өрмекші торы»<br> |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

№218 орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбы

Сәуір айы 2022 жыл

**Өтпелі тақырып «Біздің қоршаған әлем»**

**Мақсаты:** Адам және оны қоршаған орта туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Табиғаттың, қоршаған ортаның тіршілік көзі екенін жете түсіндіру, оларды қорғау, аялау, міндеттерін және өзі өмір сүріп отырған ортасын құрметтеу қабілеттерін дамыту.Алған білімін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын жүйелі ұйымдастыру.

**Міндеттері:**-тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында балаларды қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру;

-айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасай алатын білім, біліктерін дамыту;

-табиғат әлеміне танымдық қызығушылықтарын,қоршаған ортаға қарым-қатынасы бойынша өз әрекетінің нәтижелерін көре білуге дағдыландыру;

-балалардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын және ойлау қабілеттерін арттыру;

-жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттері: бастамашылдығын, дербестігін, ашықтық және еркіндігіне қолдау көрсету

| Апта күндері | Коммуникация-1<br>**1. Сиқырлы әріптер.** | Таным-1<br>**2. Сиқырлы математика** | Шығармашылық-1<br>**1. Ертегілер елінде** |
|---|---|---|---|
| **1-апта**<br>11.-15.04ай | **14.04.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы: Ю әрпін жазуды үйрен.**<br>**Мақсаты:** Балаларды «Ю» дыбысының айтылу ерекшелігімен таныстыру: сөздегі дыбыстардың орнын анықтап, дыбысты сөзде, буында, сөйлемде анық айтуға жаттықтыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Зымыран» | **13.04.2022 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы**: **Есептер шығару.**<br>**Мақсаты:** 1-ден 10-ға дейінгі сандар туралы білімдерін пысықтау. Сан мен цифрды сәйкестендіру, есте сақтау және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. **Дидактикалық ойын:** «Қазақша жыл атауларын ата» | **11.04.2022 ж**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы: Кім неден күшті?**<br>**Мақсаты:** Әңгіме кейіпкерлерінің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру дағдысын қалыптастыру. Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану. Сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын және тілін дамыта отырып, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Дидактикалық ойын:** «Әкеме көмектесемін» |
| **2-апта**<br>**18-22.04ай** | **21.04.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:Ц әрпін жазуды үйрен.**<br>**Мақсаты:** Балаларға сөйлем туралы түсінік беру, өз ойын дұрыс жеткізе білуге жаттықтыру. Үйренуге, білуге деген қызығушылықтарын арттыру. дидактикалық ойындар арқылы мамандық иелерін таныстыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Егер, мен...»** | **20.04.2022 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы**: Нүкте,сызық,түзу,кесінді,сәуле.<br>**Мақсаты:** Заттардың салмағы туралы түсініктерін кеңейту. Қарапайым мысалдар мен есептерді шешуге жаттықтыру.<br>**Математикалық жұмбақтар шешу.** | **18.04.2022 ж** **12**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы: Торғай мен түлкі.**<br>**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын баяндау арқылы балалардың сөздік қорларын, байланыстыра сөйлеу дағдыларын бекіту<br>**Дидактикалық ойын:** «Ертегі кейіпкерлерінің дауысын сал» |
| **3 апта**<br>**25- 29-04ай** | **28.04.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы**: Э әрпін жазуды үйрен. | **27.04.2022 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы:** Бұрыш,тік бұрыш,тік төртбұрыш. | **25.04.2022 ж**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Қайырымды қоян. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Айтылу ерекшеліктеріне байланысты дыбыстарды жіктей білу дағдыларын арттыру. Айтылу ерекшелігіне сәйкес «У» дыбысының кейде дауысты, кейде дауыссыз болатыны туралы жалпы түсінік беру. | **Мақсаты:** Жеке заттың және топтың жиынның бөлшегі бола алатыны туралы түсініктерін дамыту. Жиынның бейнелеушісі ретіндегі сан туралы түсініктерін пысықтау.<br>**Қызықты логикалық сұрақтар (ойын)** | **Мақсаты:** Театрландырылған қойылым арқылы балалардың тілдік, сөздік және шығармашылық дағдыларын бекіту<br>**Дидактикалық ойын:** «Не қалай дыбыстайды?» |
| **4 апта**<br><br>**02.05-06.05ай** | **05.05.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы**: «Щ» дыбысы мен әрпі.<br>**Мақсаты:** «Щ» дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру. Сөздегі дыбыстарды екпін түсіріп айту арқылы тауып, түрлерін ажырата білу дағдыларын арттыру. Өткен дыбыстар мен әріптерді қайталау.<br>**Дидактикалық ойын:** «Щ» әрпінен басталатын ертегі бізде қонақта» | **04.05.2022 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы:** Көлемдерді салыстыру.<br>**Мақсаты:** Теңдік пен теңсіздік туралы түсініктерін пысықтау. 1-ден 10-ға дейінгі сандарды салыстыру дағдыларын дамыту. Сандарды салыстыруға, екі санның қайсысы артық немесе кем екенін, қаншаға артық немесе кем екенін анықтауға жаттықтыру.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Себеттегі гүлдерді санап, салыстыр» | |

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

№218 орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбы

Мамыр айы 2022 жыл

Өтпелі тақырып **«Әр қашан күн сөнбесін»**

**Мақсаты:**балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған қаласына, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуге ықпал етеді

| **Апта күндері** | **Коммуникация-1** | **Таным-1** | **Шығармашылық-1** |
|---|---|---|---|
| | **Әріптер әлемі** | **Сиқырлы математика** | **Ертегілер елінде** |
| **1-апта**<br>09.-13.05ай | **12.05.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** Ф әрпін жазуды үйрен.<br>**Мақсаты:** «Ф» дыбысын буындарда, сөздерде, сөйлемдерде дұрыс айта білуге үйрету. Сөздегі «Ф» дыбысының орнын анықтау. Сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын арттыру, ой-өрісін дамыту. Әдемі, жүйелі сөйлеуге тәрбиелеу. | **11.05.2022 ж**<br>**Сиқырлы математика**<br>**Тақырыбы:** Сағат.Жыл мезгілдері<br>**Мақсаты:** Апта күндері, ай, жыл мезгілдері туралы білімдерін пысықтау. Уақытты бағдарлай білу, ай аттарын жыл мезгілдеріне сәйкестендіре білу дағдыларын дамыту. Сағат, апта күндері туралы түсініктерін пысықтау; есте сақтау қабілеттерін, байқағыштарын дамыту. | **13** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Дидактикалық ойын:** «Көбелектерді гүлдерге орналастыр» | | |
| **2-апта**<br>**16-20.05ай** | **19.05.2022 ж**<br>**Сиқырлы әріптер.**<br>**Тақырыбы:** Ь әрпін жазуды үйрен.<br>**Мақсаты:** Балаларды «Ь» дыбысымен және әрпімен таныстыру; дидактикалық ойындар арқылы жылдам әрекет етуді үйрету. Ертегі тыңдату арқылы дұрыс қорытынды жасай білу, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Дидактикалық ойын:** «Ұқсайды-ұқсамайды» | **18.05.2022 ж**<br>**Сиқырлы матеиатика**<br>**Тақырыбы:** Тәуліктер.<br>**Мақсаты:** Жеке заттың және топтың жиынның бөлшегі бола алатыны туралы түсініктерін дамыту. Жиынның бейнелеушісі ретіндегі сан туралы түсініктерін пысықтау.<br>**Қызықты логикалық сұрақтар (ойын)** | **16.05.2022 ж**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Жыл басына таласқан хайуанаттар.<br>**Мақсаты:** Ертегі мазмұнын баяндау арқылы балалардың сөздік қорларын, байланыстыра сөйлеу дағдыларын бекіту<br>**Дидактикалық ойын:** «Ертегі кейіпкерлерінің дауысын сал» |
| **3 апта**<br>**23-25.05 ай** | | | **23.05.2022 ж**<br>**Ертегілер елінде**<br>**Тақырыбы:** Төрт дос ертегісі.<br>**Мақсаты:** Театрландырылған қойылым арқылы балалардың тілдік, сөздік және шығармашылық дағдыларын бекіту<br>**Дидактикалық ойын:** «Не қалай дыбыстайды?» |